

"Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2021 жылғы 18 қарашадағы Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру жөніндегі шаралар туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2021 жылғы 31 желтоқсандағы № 206-ө өкімі

1. Қоса беріліп отырған "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2021 жылғы 18 қарашадағы Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру мақсатында қабылдануы қажет құқықтық актілердің тізбесі (бұдан әрі – тізбе) бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдары:

1) тізбеге сәйкес құқықтық актінің жобасын әзірлесін және белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының Президентіне бекітуге енгізісін;

2) тізбеге сәйкес тиісті ведомстволық актілерді қабылдасын және ай сайын, келесі айдың 10-күнінен кешіктірмей қабылданған шаралар туралы Қазақстан Республикасының Қаржылық мониторинг агенттігін (келісу бойынша) хабардар етіп тұрсын.

3. Қазақстан Республикасының Қаржылық мониторинг агенттігі (келісу бойынша) тоқсанның қорытындысы бойынша ұсынылған ақпаратты жинақтасын және келесі тоқсандағы айдың 20-күнінен кешіктірмей қабылданған шаралар туралы Қазақстан Республикасының Үкіметін хабардар етіп тұрсын.

Премьер-Министр

А. Мамин

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
2021 жылғы 31 желтоқсандағы
№ 206 - ө өкімімен
бекітілген

"Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2021 жылғы 18 қарашадағы Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру мақсатында қабылдануы қажет құқықтық актілердің тізбесі

Р/ с №	Құқықтық актінің атауы	Құқықтық актінің нысаны	Орындауға жауапты мемлекеттік орган	Орындау мерзімі	Құқықтық актінің сапалы және уақтылы әзірленуі мен енгізілуіне жауапты адам
1	2	3	4	5	6
1.	Қазақстан Республикасының жария лауазымды адамдарының тізбесін бекіту туралы	Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы	ҚМА (келісу бойынша)	(2022 жылғы қаңтар)	Ж. Ф. Елемесов
2.	"Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл жасау мақсатында ішкі бақылау қағидаларына қор биржасы үшін қойылатын талаптарды бекіту туралы" Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі басқармасының 2020 жылғы 12 қазандағы № 98 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы	Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі басқармасының қаулысы	ҚНРДА (келісу бойынша)	(2022 жылғы ақпан)	Н. А. Әбдірахманов
3.	"Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл жасау мақсатында ішкі бақылау қағидаларына банкаралық ақша аудару жүйесінің операторын немесе операциялық орталығын қоспағанда, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар және микроқаржылық қызметті жүзеге асыратын ұйымдар үшін қойылатын талаптарды бекіту туралы" Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі басқармасының 2020 жылғы 29 қазандағы № 105 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы	Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі басқармасының қаулысы	ҚНРДА (келісу бойынша)	(2022 жылғы ақпан)	Н. А. Әбдірахманов
4.	"Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл жасау мақсатында екінші деңгейдегі банктер, Қазақстан Республикасы бейрезидент-банктерінің филиалдары мен Ұлттық пошта операторы үшін ішкі бақылау қағидаларына қойылатын талаптарды бекіту туралы" Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі басқармасының 2020 жылғы 22 наурыздағы № 18 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы	Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі басқармасының қаулысы	ҚНРДА (келісу бойынша)	(2022 жылғы ақпан)	Н. А. Әбдірахманов
	"Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді				

5.	қаржыландыруға қарсы іс-қимыл жасау мақсатында ішкі бақылау қағидаларына бағалы қағаздар нарығының кәсіби қатысушылары және орталық депозитарий үшін ішкі бақылау қағидаларына қойылатын талаптарды бекіту туралы" Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі басқармасының 2020 жылғы 12 қазандағы № 96 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы	Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі басқармасының қаулысы	ҚНРДА (келісу бойынша)	2022 жылғы ақпан	Н . А . Әбдірахманов
6.	"Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл жасау мақсатында сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары, сақтандыру брокерлері, өзара сақтандыру қоғамдары, Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының филиалдары және Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру брокерлерінің филиалдары үшін ішкі бақылау қағидаларына қойылатын талаптарды бекіту туралы" Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі басқармасының 2020 жылғы 12 қазандағы № 97 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы	Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі басқармасының қаулысы	ҚНРДА (келісу бойынша)	2022 жылғы ақпан	Н . А . Әбдірахманов
7.	"Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл жасау мақсатында ішкі бақылау қағидаларына бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры және ерікті жинақтаушы зейнетақы қорлары үшін қойылатын талаптарды бекіту туралы" Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі басқармасының 2020 жылғы 12 қазандағы № 95 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы	Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі басқармасының қаулысы	ҚНРДА (келісу бойынша)	2022 жылғы ақпан	Н . А . Әбдірахманов
8.	Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл жасау мақсатында төлем ұйымдары үшін ішкі бақылау қағидаларына қойылатын талаптарды бекіту туралы	Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі басқармасының қаулысы	ҰБ (келісу бойынша)	2022 жылғы ақпан	Б . Ш . Шолпанқұлов
9.	Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл жасау мақсатында қызметін Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларына арналған лицензиясы негізінде тек қана айырбастау пункттері арқылы жүзеге асыратын заңды тұлғалар және банкноттарды, монеталарды және құндылықтарды	Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі басқармасының қаулысы	ҰБ (келісу бойынша)	2022 жылғы ақпан	Д.В. Вагапов

	инкассациялау айрықша қызметі болып табылатын заңды тұлғалар үшін ішкі бақылау қағидаларына қойылатын талаптарды бекіту туралы				
10	"Қаржылық емес сектор үшін қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл жасау мақсатында ішкі бақылау қағидаларына қойылатын талаптарды бекіту туралы" Қазақстан Республикасының Қаржылық мониторинг агенттігі төрағасының 2021 жылғы 6 тамыздағы № 4 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы	Қазақстан Республикасы Қаржылық мониторинг агенттігі төрағасының бұйрығы	ҚМА келісу бойынша)	(2022 жылғы ақпан	Ж . Ф . Елемесов
11	Қаржылық мониторинг субъектілерінің қаржылық мониторингке жататын операциялар туралы мәліметтер мен ақпаратты беру қағидаларын және күдікті операцияны айқындау белгілерін бекіту туралы	Қазақстан Республикасы Қаржылық мониторинг агенттігі төрағасының бұйрығы	ҚМА келісу бойынша)	(2022 жылғы ақпан	Ж . Ф . Елемесов
12	"Нотариустарға арналған қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл жасау мақсатында ішкі бақылау қағидаларына қойылатын талаптарды бекіту туралы" Қазақстан Республикасының Қаржылық мониторинг агенттігі төрағасының 2021 жылғы 6 тамыздағы № 5 және Қазақстан Республикасы Әділет министрінің міндетін атқарушы 2021 жылғы 19 тамыздағы № 722 бірлескен бұйрығының күші жойылды деп тану туралы	Қазақстан Республикасы Қаржылық мониторинг агенттігі төрағасының және Қазақстан Республикасы Әділет министрінің бірлескен бұйрығы	ҚМА келісу бойынша), Әділетмині	(2022 жылғы ақпан	Ж . Ф . Елемесов А.Х . Әмірғалиев
13	Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл жасау мақсатында нотариустар үшін ішкі бақылау қағидаларына қойылатын талаптарды бекіту туралы	Қазақстан Республикасы Қаржылық мониторинг агенттігі төрағасының және Қазақстан Республикасы Әділет министрінің бірлескен бұйрығы	ҚМА келісу бойынша), Әділетмині	(2022 жылғы ақпан	Ж . Ф . Елемесов А.Х . Әмірғалиев
14	Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл жасау мақсатында ойын бизнесі мен лотереяларды ұйымдастырушылар үшін ішкі бақылау	Қазақстан Республикасы Қаржылық мониторинг агенттігі төрағасының және Қазақстан Республикасы	ҚМА келісу	(2022 жылғы ақпан	Ж . Ф . Елемесов

	қағидаларына қойылатын талаптарды бекіту туралы	Мәдениет және спорт министрінің бірлескен бұйрығы	бойынша), МСМ		Е . М . Еркінбаев
15	Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл жасау мақсатында ақша аударымы қызметін көрсететін пошта операторлары үшін ішкі бақылау қағидаларына қойылатын талаптарды бекіту туралы	Қазақстан Республикасы Қаржылық мониторинг агенттігі төрағасының және Қазақстан Республикасы Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің бірлескен бұйрығы	ҚМА (келісу бойынша), ЦДИАӨМ	2022 жылғы ақпан	Ж . Ф . Елемесов А.Е. Оразбек
16	Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл жасау мақсатында цифрлық активтер шығару, олардың сауда-саттығын ұйымдастыру, сондай-ақ цифрлық активтерді ақшаға, құндылықтарға және өзге де мүлікке айырбастау бойынша қызметтер көрсету жөніндегі қызметті жүзеге асыратын тұлғалар үшін ішкі бақылау қағидаларына қойылатын талаптарды бекіту туралы	Қазақстан Республикасы Қаржылық мониторинг агенттігі төрағасының және Қазақстан Республикасы Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің бірлескен бұйрығы	ҚМА (келісу бойынша), ЦДИАӨМ	2022 жылғы ақпан	Ж . Ф . Елемесов А.Е. Оразбек
17	"Қамтамасыз етілген цифрлық активтерді шығару және олардың айналымы қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің 2020 жылғы 29 қазандағы № 407/НҚ бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы	Қазақстан Республикасы Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің бұйрығы	ЦДИАӨМ	2022 жылғы ақпан	А.Е. Оразбек
18	Тауар биржасына арналған қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл жасау мақсатында ішкі бақылау қағидаларына қойылатын талаптарды бекіту туралы	Қазақстан Республикасы Қаржылық мониторинг агенттігі төрағасының және Қазақстан Республикасы Бәсекелестікті қорғау және	ҚМА (келісу бойынша), БҚДА (келісу бойынша)	2022 жылғы ақпан	Ж . Ф . Елемесов

		дамыту агенттігі төрағасының бірлескен бұйрығы			Б . Қ . Сәмбетов
19	"Хабарламалар нысандарын және Мемлекеттік органдардың хабарламаларды қабылдау қағидаларын бекіту туралы, сондай-ақ хабарламаларды қабылдауды жүзеге асыратын мемлекеттік органдарды айқындау туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 6 қаңтардағы № 4 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы	Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің бұйрығы	ҰЭМ	2022 жылғы ақпан	Т . М . Жақсылықов

Ескертпе: аббревиатуралардың толық жазылуы:

Әділетмині – Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі

БҚДА – Қазақстан Республикасының Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігі

ҚМА – Қазақстан Республикасының Қаржылық мониторинг агенттігі

ҚНРДА – Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі

МСМ – Қазақстан Республикасының Мәдениет және спорт министрлігі

ҰБ – Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі

ҰЭМ – Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрлігі

ЦДИАӨМ – Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі